


«№4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ



"Келісемін"
Оқу ісінің меңгерушісі:
 Ж.Б. Байманова
« 28 » 08 2024ж

«Қаралды»
Бірлестік жетекшісі:
 М.Мұқанғалиева
« 28 » 08 2024ж

7 – сыныптарға арналған қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінен
күнтізбелік – тақырыптық жоспар

Пән мұғалімі:Мурзагалиева Р.У

Түсінік хат

1. Оқу жоспары, пән туралы түсініктеме, сынып, жылдық жүктеме

Орта мерзімді оқу жоспары қазақ мектептерінде қазақ тілін оқыту бағдарламасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептерінің 7-сыныбына әзірленді.

Орта мерзімді оқу жоспары мұғалімге лексикалық тақырыптар негізінде, оқушы игеруге тиіс оқу дағдыларын дамыту жолдарын ұсынып, белсенді жұмыс түрлерін ұйымдастыруға көмек беруді көздейді.

Орта мерзімді оқу жоспары оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтуге, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге, алған білімін өмірдің кез келген саласында тиімді қолдана білуіне ықпал етеді.

Пәнді оқытуға аптасына 2 сағаттан, барлығы 72 сағат бөлінген.

2. Лексикалық тақырыптар мақсаты.

Ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес орта мерзімді жоспардағы 10 бөлімде төмендегі лексикалық тақырыптар қамтылған: «Ауа райы және климаттық өзгерістер», «Көшпенділер мәдениеті», «Денсаулық – зор байлық», «Сүйіспеншілік пен достық», «Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы», «Ғаламтор және әлеуметтік желілер», «Қазақстандағы ұлттар достастығы», «Дұрыс тамақтану. Гендік өзгеріске ұшыраған тағамдар», «Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым», «Ғылыми фантастика». Лексикалық тақырыптар оқушының белсенді сөздік қорын байытуға, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуға, өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге мүмкіндік береді.

3. Оқу мақсаттарымен жұмыс жүргізу жолдары

Оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттары оқушылардың айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттерін қамти отырып, коммуникативтік дағдыларын сенімді қалыптастыруға, сол негізде 7- сыныпты аяқтағанда күтілетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталған. Мұғалім сабақ жоспарын құруда лексикалық тақырыпты басшылыққа ала отырып, сынып деңгейіне, тақырып қажеттілігіне қарай бір академиялық сағатта бір немесе екі коммуникативтік әрекетті негіз етіп алады, ал басқа коммуникативтік әрекеттер жанама түрде қолданыла береді. (Мысалы, тыңдалым/ айтылым, оқылым/ жазылым). Әрбір әрекет бірнеше оқу мақсаттары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сабақ жоспарын құру барысында коммуникативтік әрекеттің барлық түрін бір деңгейде қатар алмаған дұрыс. Олардың бірі не екеуі негізгі болса, қалған екеуі жанама түрде дамытыла береді. Мұғалім орта мерзімді жоспарда ұсынылған лексикалық тақырыпқа бөлінген оқу мақсаттарының орын тәртібін сабақ түрі мен әдістерінің қажеттілігіне қарай өзгерте алады.

4. Пәнаралық байланыс, шынайы өмірмен байланыс.

7- сыныптың орта мерзімді жоспарындағы лексикалық тақырыптарды меңгерту

«География», «Биология», «Музыка», «Информатика», «Физика», «Бейнелеу өнері», «Дене шынықтыру», «Технология», «Қазақстан тарихы» пәндерімен тығыз байланыста жүргізіледі. Пәндерді кіріктіріп оқыту кезінде басқа пән мұғалімдерімен бірлесіп, командалық сабақ жоспарларын әзірлеуге болады. Сондай-ақ, осы пәндермен кіріктірілген сабақ жоспарын құрып жүргізуіне болады. Мұғалім қазақ тілін басқа пәндермен тығыз байланыста оқыту арқылы оқушының академиялық сөйлеу және жазба тілін қалыптастыру мүмкіндіктеріне ие болады. Лексикалық тақырыптар ретінде сұрыпталып іріктелінген мәтіндер мен оларға байланысты құрылған тапсырмалар шынайы өмірмен байланысты жағдаяттардан туындап немесе соған жуықтатылуы тиіс. Сонымен қатар, оқу материалдарының мазмұны мен тапсырмалардың орындалу логикасы оқушылардың даму деңгейіне сай ойлау, түсіну ерекшеліктеріне сәйкес таңдалынады.

5. Грамматиканы функционалдық-коммуникативтік мәнмәтінде оқыту

Орта мерзімді жоспарда оқушылар меңгеруге тиісті грамматикалық тақырыптар көрсетілген:

- Жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сайжазу;
- Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану;
- Фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану;
- Етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану;

- Еліктеу сөздердің стильдік мәнін түсініп қолдану;
- Шылау түрлерін ажырата білу, орындықолдану;
- Одағай түрлерін ажырата білу, қолдану;
- Оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу;
- Сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану.

Қазақ тілін қазақ мектебінде ана тілі ретінде дәстүрлі оқытуда грамматиканы «тіл формасынан тіл мазмұнына қарай жүрумен» оқытып келсе, грамматиканы функционалдық оқытуда «тіл бірлігінің қызметінен оның формасына қарай жүру» логикасына қарай өзгерді.

Бір жағынан, нақты мәнмәтінде, мәтінде қандай грамматикалық құралдар қатысып тұрғанын көрсету мақсаты көзделінсе, екінші жағынан, грамматикалық тәсілдер тобы арқылы берілетін семантикалық функцияларды талдау мен жинақтау көзделеді.

Грамматиканы функционалдық тұрғыдан оқытуда грамматикалық бірліктердің функциялары мен формалары тығыз бірлікте қарастырылады.

Грамматиканың формалды жағы – грамматикалық бірліктердің таптарға жіктелуі, категорияларға бөлінуі арқылы танылады.

Енді осы грамматикалық бірліктердің мәтінді құруға қатысуда қандай функционалдық мағыналық қызмет атқарғанын таныту функционалдық грамматиканың міндеті болыптабылады.

Сөйтіп, грамматикалық дағдыларды қалыптастыру бірізділігі оның білдіретін мағыналық қызметімен тығыз байланыста жүргізілуі керек. Ондай мүмкіндіктер мәтіндерді қолдана отырып оқытуда молынан табылады.

Қазақ тілін оқытудың жаңа басым бағыттары: функционалдық, мәтінге негізделген, коммуникативтік әрекет.

Сондықтан қазақ тілі сабақтарының заманауи талаптары: тіл бірліктерінің мәтін құраушы және көркем-мәнерлі функцияларын таныту негізінде құрылған жаңа білім мазмұны, грамматиканы функционалдық негізде оқытудағы мәтіннің білім көзі ретіндегі маңызды орны, қазақ тілі мен қазақша сөйлеу және жазба тілінің тұтастықта танылуын көздейтін жаттығулар жүйесі.

6. Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытудың әдіс- тәсілдері.

Орта мерзімді жоспарда ұсынылған әдіс-тәсілдер оқушылардың оқу және ойлау белсенділігін арттыруға бағытталған. Коммуникативтік әрекеттерді дамытуға бағытталған тапсырмалар өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес белгілі бір жүйемен жүзеге асады. Мысалы, тыңдалым дағдысын жүзеге асыру үшін тыңдалым алды, тыңдалым, тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар ұйымдастырылуы тиіс.

Тыңдалымға арналаған сабақ құрылымы:

- **Тыңдалым алдындағы тапсырма:** тақырыпты таныстыру; тыңдалымдағы маңызды сөздерді үйрету; тақырыпқа қатысты сұрақтар құрастырып, сол тақырыптағы оқушы білімін қозғау.

- **Тыңдалым тапсырмасы:** әр түрлі тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар тобы; олар жалпы мазмұнын түсінуден бастап, детальді түсінуге бағытталады.

- **Тыңдалымнан кейінгі тапсырма:** тыңдалымдағы тақырып туралы сұрақтардан тұрады және ол сұрақтарға өз көзқарастарын білдіріп, тәжірибелерімен байланыстыра отырып жауап берулер ітііс. Сонымен қатар сұрақта ржауап беру барысында тыңдалымдағы сөздерді пайдалана алатындай құрылуы қажет.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда тыңдалым/ айтылым дағдысы қатар жүреді. Мұғалім тыңдалымнан кейінгі айтылым тапсырмаларын дискуссия, дебат, сұхбат және т.б. белсенді жұмыс түрлері арқылы ұйымдастырады.

Оқылымға арналған сабақ құрылымы:

- **Оқылым алдындағы тапсырма:** мәтін тақырыбын ашуға бағытталған тапсырмалар, сөздерді алдын-ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

- **Оқылым тапсырмасы:** әр түрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар (сұрақтар). Алғашқы тапсырмалар жалпы мазмұнын түсінуге

бағытталса, кейінгі тапсырмалар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

- **Оқылымнан кейінгі тапсырма:** мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар, сұрақтар оқушыларды нөмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай құрылуы керек.

Жазылымға арналған сабақ құрылымы:

Жазылым - төрт дағдының бірі және ол **өнімді дағдылар** қатарына жатады. Яғни өнімді дағды дегеніміз – тіл құбылыстары туралы ережелерге, модельдерге сүйене отырып сөйлеу немесе жазу. Жазылым түрлері: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б.

Жазылым түрлерінің әрқайсысының өздеріне сай ерекшелігі болады. Ол жазылым түрлерінің құрылымына және мақсаты мен шешуі тиіс міндеттеріне байланысты болып келеді. Мысалы, **жазу стилінің** деңгейлері: **ресми** (ғылыми, іс қағаздар стилі) және **бейресми** (ауызекі сөйлеу сөздері); жазуда мәтінді немесе ақпаратты жазудың өзіндік тәртіптері ақпараттарды орналастыру реті; мәтіннің ұйымдастырылуы.

Жазылым дағдысын қалыптастырудың бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары - **продуктивті жазылым және жазылымүдерісі**.

Егер жазылымды үлгі беру арқылы үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни мұғалімдер жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым үлгісі оның мазмұнымен, лексикасымен, стилімен және құрылысымен таныс болуға көмектеседі. Сонымен қатар, үлгілер оқушыға қалай жазуы керек туралы идеяны дабереді.

Ал егер мұғалім оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл жазылым үдерісі деп аталады. Толығырақ айтқанда, жазылымды жоспарлаудан бастап, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге дейінгі оқушылардың әрекетін ұйымдастыру. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерімен әртүрлі уақытта жұмыс жасай білуге дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалауға, яғни өз жұмысының артықшылығы мен кемшіліктері туралы ойлануға мүмкіндік береді.

Белгілі бір жазылымды толық орындау үшін бірнеше қадамдар жасалады:

- Әуелі жазылуы көзделген нәрсені анықтап алу;
- Ойынды дұрыс жеткізуді жоспарлау;
- **Шимай нұсқасын**(өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру
- Түзету және редакциялау (қателерді түзету және мазмұнын толықтыру)
- Тексеріп шығу (сауаттылық қатексеру және түзеу)
- Дұрыс нұсқаны (екінші немесе соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу.

Орта мерзімді жоспардағы оқу мақсаттарын жүзеге асыруда ұсынылған әдіс- тәсілдермен қатар, мұғалім өзі тиімді деп тапқан басқа әдіс-тәсілдерді де қолдана алады.

7. Ресурстармен жұмыс туралы

Қазақ тілі сабақтарында мұғалім оқулықтармен қатар, ғаламтор желісінен алынған есту және көру материалдарын, аудиохабарламаларды, телебағдарламаларды, газет- журналдардан алынған ақпараттарды, кесте, диаграмма, сызбаларда берілген мәліметтерді де таңдай алады.

Оқу жоспарында ұсынылған ресурстар мұғалім үшін бағыт-бағдар ретінде беріліп отыр. Мұғалім оларды қажеттілігіне, сынып деңгейіне, жас ерекшелігіне қарай өзгерте алад

№	Бөлім атаулары	Сабақтың тақырыптары	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
I тоқсан. 16 сағат						
1	1-бөлім: Ауа райы және климаттық өзгерістер.	Табиғат пен адам – егіз ұғым	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; 7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану	1	2.09.24	
2		Ауаның ластануы Қазақстан климаты	7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру; 7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу.	1	4.09	
3		Көктем туды. Жаз шықты	7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау; 7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану.	1	9.09	
4		Күз келді. Қыс түсті	7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау; 7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану.	1	11.09	
5		Әлемдегі ең ыстық аймақ	7.2.2.1 публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; 7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу.	1	16.09	
6		Ең суық аймақтар. БЖБ №1	7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (эссе) 7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану.	1	18.09	
7	2-бөлім:Көшпенділер мәдениеті. Орфография.	Көшпенділер кімдер? Көш	7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру; 7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу.	1	23.09	
8		Киіз үй	7.3.3.1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу.	1	25.09	
9		Жайлау.Қыстау	7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау; 7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану.	1	30.09	
10		Төрт түлік. Атты әскер	7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау; 7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу.	1	2.10	
11		Ер қанаты — ат БЖБ №2	7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу; 7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу.	1	7.10	
12	3-бөлім. Денсаулық — зор байлық. Лексика.	Бірінші байлық — денсаулық Таза табиғат — денсаулық негізі.	7.2.3.1 хроника құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 7.4.3.1 фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану.	1	9.10	
13		Салауатты өмір салты Ас -адамның арқауы.	7.2.4.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 7.3.1.1 әр түрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру.	1	14.10	
14		Қазақстандағы сауықтыру мекемелері. Дәрілік өсімдіктер	7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу; 7.4.3.1 фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану.	1	16.10	
15		Тоқсандық жиынтық бағалау №1	7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала құрастырып жазу	1	21.10	

			7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу			
16		Денсаулықтан артық байлық жоқ. Жүз жасаңыз	7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала құрастырып жазу; 7.4.3.1 фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану.	1	23.10	
II тоқсан. 15 сағат						
17	4-бөлім. Сүйіспеншілік пен достық. Морфология.	Досы көпті жау алмайды. Жаман жолдас	7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау; 7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану.	1	4.11	
18		Жігітті жолдасына қарап бағала. Игілік.	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; 7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру; 7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану.	1	6.11	
19		Бай баласы мен жарлы баласы Адал дос пен амал дос.	7.2.4.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 7.3.1.1 әр түрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру.	1	11.11	
20		Жақсы дос – жан азығы Ана мейірімі. Менің кішкентай досым	7.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу; 7.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру.	1	13.11	
21		Отбасындағы сүйіспеншілік. Жақсылық. Тасбақаның шөбі	7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дис.эссе); 7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану.	1	18.11	
22		Қайырымдылық – сүйіспеншіліктің бір көрінісі. БЖБ №3	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; 7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру; 7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану.	1	20.11	
23	5-бөлім. Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы. Морфология.	Музыка – жүрек тілі.	7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау; 7.4.4.1 етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану.	1	25.11	
24		Ән – халықтың ажары Музыка бағыттары.	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; 7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану.	1	27.11	
25		Қазақтың ән өнері	7.2.4.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 7.4.4.1 етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану.	1	2.12	
26		Музыка аспаптары	7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дис.эссе); 7.4.4.1 етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану.	1	4.12	
27		Домбыра – қазақтың рухы	7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау; 7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе); 7.4.4.1 етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану.	1	9.12	
28		Күй-халқымыздың рухани құндылығы БЖБ №4	7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (ән, интервью) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау; 7.4.4.1 етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану.	1	11.12	
29		Музыка өнерінің майталмандары.	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; 7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау.	1		16.12 мейрам
30		Ән - ғұмыр	7.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау; 7.4.4.1 етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану.	1	18.12	

31		Тоқсандық жиынтық бағалау №2	7.2.4.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау 7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе)	1	23.12	
32		Музыка –әлемді біріктіруші күш.	7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала құрастырып жазу; 7.4.4.1 егістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану.	1	25.12	
III тоқсан. 20 сағат						
33	6-бөлім. Ғаламтор және әлеуметтік желілер.Морфология	Бүкіләлемдік желі – ғаламтор. Ғаламтордың пайдасы мен зияны	7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау; 7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме құрастырып жазу; 7.4.4.3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану.	1	13.01.25	
34		Ғаламтордағы танымал сайттар. Пайдалы сайттар	7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу; 7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (пікірталас, жаңалық) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау; 7.4.4.3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану.	1	15.01	
35		Ғаламторға тәуелділік - ғалам дерті. Әлеуметтік желі - ең үлкен ғаламтор	7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру; 7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу. 7.4.4.3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану.	1	20.01	
36		Әлеуметтік желілердің тарихы. Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны	7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау; 7.3.3.1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу; 7.4.4.3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану.	1	22.01	
37		Қазақстандағы сандық технология. Әлеуметтік желі қолданушылары. БЖБ №5	7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау; 7.4.4.3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану.	1	27.01	
38	7-бөлім. Қазақстандағы ұлттар достастығы.	Меймандос қазақ –татулық жаршысы. Бауырмалдық – тарихи тағдырымыз	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; 7.2.4.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;	1	29.01	
39		Қазақстан этностарының тарихы. Қазақстан халқы Ассамблеясы – татулық бастауы	7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу; 7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау. 7.4.4.2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну.	1	3.02	
40		Ұлыстың ұлы күні	7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе). 7.4.4.2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну.	1	5.02	
41		Дос пейілді достық үйлері. БЖБ №6	7.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 7.4.4.2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну.	1	10.02	
42	8 – бөлім. Дұрыс тамақтану. Морфология.	Дұрыс тамақтану- денсаулық кепілі.	7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, көркем әдеби шығармадан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау; 7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану.	1	12.02	
43		Дастархан тәрбиесі - дәм-тұз киесі	7.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру; 7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану.	1	17.02	

44		Дұрыс тамақтанудың басы – тазалық	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; 7.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау;	1	19.02	
45		Жейтін асың көп болсын, зияны жоқ болсын	7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу; 7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала құрастырып жазу.	1	24.02	
46		Пайдалы сусындар	7.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру; 7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану.	1	26.02	
47		Дәмді тағамның пайдасы	7.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану.	1	3.03	
48		Гендік өзгеріске ұшыраған өнімдер. Гендік тамақтану – қажетсіз нәр тату	7.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру; 7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану.	1	5.03	
49		Фаст-фуд - тұтынушылар қалаған тағам	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; 7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе). 7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану.	1		10.03
50		Жеміс-жидектің пайдасы	7.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау; 7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану.	1	12.03	
51		Тоқсандық жиынтық бағалау №3	7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру 7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме құрастырып жазу	1	17.03	
52		Тамақтану тәртібі нәсіл талғамайды	7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру; 7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану.	1	19.03	

IV тоқсан. 16 сағат

53	9-бөлім. Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым.	Жеңіс күні. Соғыс жылдарындағы Қазақстан	7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау; 7.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу.	1	2.04	
54		Майдан және тыл. Кеңес Одағының Батыры – Бауыржан Момышұлы	7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала құрастырып жазу. 7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу.	1	7.04	
55		Қазақтың батыр қыздары Қазақстандық ұшқыштар.	7.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу.	1	9.04	
56		Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев.	7.2.2.1 публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; 7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала құрастырып жазу.	1	14.04	
57		Соғыстан қайтқан солдаттар. БЖБ №7	7.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 7.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру. 7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу.	1	16.04	
58	10-бөлім. Ғылыми фантастика. Пунктуация.	Ғылыми фантастика жанры. Фантастика жанры – ғылымның болар тамыры	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; 7.4.5.1 сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану.	1	21.04	
59		Мифология - дүниетанымның бастауы. Ғылыми фантастика туралы түсінік.	7.2.7.1 энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау; 7.4.5.1 сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану.	1	23.04	
60		Қазақ романдарындағы	7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу		28.04	

